



БҰЙРЫҚ

29.08.2025 ж.

Явленка ауылы,
тел.факс: 8 (71543) 2-15-53

ПРИКАЗ

№ 672 – н.қ.

село Явленка,
e-mail: esil.edu-sko@mail.ru, esil.edu@sqa.gov.kz

2025-2026 оқу жылына тамақтануды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының БҒМ 2018 жылдың 31 қазандағы бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім аулушылардың тамақтануын ұйымдастыру ережесіне, сондай – ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу Ережесіне және «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай – ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға және жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 25 қаңтардағы № 64 қаулысына, «Солтүстік Қазақстан облысының 2023-2025 жылдарға облыстық бюджетін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылдың 14 желтоқсандағы № 23/1 шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорлары, мектеп директорларының міндеттерін атқарушылар, мектеп меңгерушілері:

- 2025 жылдың 02 қыркүйектен мектеп алды даярлық сыныптарын, 1-11 сыныптарын ыстық тамақпен тамақтануды қамтамасыз етсін;
- әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларды және 1-4 сынып оқушыларын тегін және жеңілдікпен тамақтануды ұсыну бойынша мемлекеттік қызметтерді сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін;
- оқу жылының басында мектептерде тамақ сапасын бақылау жөніндегі мониторингтік комиссиялар құрылсын, олар дайын және шикі өнімнің

сапасын бақылауды жүзеге асырады, асханада санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылауды іске асырсын;

- 2025 - 2026 оқу жылына мектеп бойынша тамақтануды ұйымдастыруға жауаптыларды тағайындасын;

- санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың талаптарына сәйкес оқушылардың тамақтану кестесін әзірлесін, оқу жылы ішінде бекітілген күнделікті мәзір мен перспективалық мәзірдің болуы, бракераж журналдарын, денсаулық журналдарын жүргізсін;

- жыл бойы мектеп бойынша санитарлық нормаларды қатаң сақтасын, тамақтану тәртібін сақтасын;

- мектеп сайтында «Мектептегі тамақтану» айдарын құрсын және мектептегі тамақтануды, ас мәзірін, мониторингтік комиссия құрамын ұйымдастыру және тағы басқалар бойынша ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етсін;

- асханаларда кезекшілік кестесін бекітсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері Е.В. Бояноваға жүктелсін.

**«Есіл ауданының білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің басшысы**



Г. Дауытбаева